

БҰЛБҰЛ



Күләш туралы көп айтуға болады. Екеуміз бір жылы тудық, бір қалада өстік, өнер ордасы – театр табалдырығын қол ұстасып, бірге аттадық.

1928 жылы театр Алматыға көшіп келгенде, біз оқып жүрген 16 жасар қыз едік. Күләш екеумізді театрға қатар алды. Ол кезде әйел жүретін театр жұмысына алу тобы жоқ. Сондықтан, сахнадағы әйелдер ролін әртіс ағалардың жұбайлары атқарады екен. Бұл теңдік құқығы ел арасында әлі де кең етек ала қоймаған кез ғой.

Сондай қиындыққа қарамай, қазақтың жасөспірім екі қызы театрға келіп, әртіс болып, өмірін өнерге арнағаны сол кездің

ұғымымен нағыз ерлік десем, жарасар еді.

Ол уақытта университет, консерватория, музыкалық-хореографиялық училище деген арнаулы оқу орындары жоқ. Қазақ өнері мен мәдениетінің туын желбіретіп, шаңырағын көтерген Қалыбек, Әміре, Серке, Құрманбек, Елубай, Қажымұқан, Сәкен, Илияс, Бейімбет, Мұхтар ағайлардың ортасына келуімізді бақытымыз деп есептеймін.

Бізді тәрбиелеп, өсірген үлкен өнер жолына жетектеген осы асыл азаматтардың еңбегін ешқашан ұмытпаймын. Қазақ айтады: «Ұстазды өле-өлгенше мадақта, сол емес пе сені қосқан санатқа». Біз де сол ұлағатты сөзді еске ұстап, ұстаздарымызды мәңгі-бақи жүректе сақтап, бас иеміз.

Бір күні театр үйінің алдына Үкімет машинасы келіп тоқтады, біздер машина көреміз деп жүгіріп шықтық. Оған мініп келген сыпайы кісі амандасқан соң, «Жандарбековтерді, Байсейітовті және Манарбек Ержановты нарком Жүргенов жолдас шақырып жатыр. Мына машинаны сіздерге жіберді», дегенде, біз кәдімгідей қобалжып қалдық.

Үкімет үйіне бару үшін еңбегі сіңген беделді кісі болу керек, бізді неге шақырды екен дестік.

Нарком Темірбек Жүргенов деген қалың қара шашты, екі көзі оттай жанған керім кісі екен, бізді жылы жүзбен қарсы алды.

– Үкімет қаулы шығарды, музыкалық театр ашамыз, кейін ол опера-балет театры болады, бесеуіңізді тандап алдық – Күләш, Қанабек, Манарбек әнші болады. Шара – балерина болады, сен Құрманбек әрі әнші, әрі режиссер боласың! «Айман-Шолпан» постановкасына дайындалындар, бір жылдың ішінде шымылдықты ашамыз, ал іске сәт, сендер боссындар, Құрманбек сен қал! – деді. Шығып кеттік. Түкке түсінген жоқпыз.

Бір кезде ашулы Құрманбек шықты, біз қоршай алдық. Күләш:

– Құрмаш, опера деген не? – деді.

– Опера деген – жүз адам музыкант, оны оркестр дейді, ойнайды, рөлінді бастан аяқ әнмен ойнайсың.

– Ойбай, дауысымды кім естиді...

Мен де сұрап жатырмын:

– Құреке-ау, балерина деген де сондай ма?

– Балерина деген жалаңаш күйінде бақайыңның үшімен билейсің.

Мен балерина болмаймын деп жылап жібердім. Құрекең осы жөнінде Наркоммен керісіп қалған секілді.

«Қалай, халық алдына әйелінді жалаңаш шығарарсың!» депті. Содан Күләш те, мен де операда ойнамаймыз деп, ал кеп жылайық.

Сөйтіп, опера дегенді білмейтін, нота деген түсіне кірмеген Күләш жарты жылда «Айман-Шолпандағы» Айман рөлін ойнады. Ол кезде әртістер санаулы – дублер деген жоқ, Күләштің қатарынан 100 спектакльде ойнауына тура келді.

Бір жылдан кейін, 1936 жылы сол Күләш Совет Одағының Үлкен театрында бұлбұл боп сайрады, 24 жасында СССР халық әртісі атағын алды. Бүкіл Кавказ бен Орта Азия халықтарының арасында осы атаққа ең бірінші ие болған – Күләш.

Атақты Барсова: – Мен сенбей отырмын, нота танымайды, дауысы қойылмаған. Қандай ғажап әнші, қандай дарынды әртіс! – деп таңқалды.

Күләш туралы көп жазу керек, кішкентай ғана бір кітап шықты, одан өзге әлі мардымды ештеңе жазылмай жүр. Партия мен Үкіметімізге көп рақмет!

Біріншіден, басына жақсы ескерткіш орнатты; екіншіден, Алматыда оның атында көше, мектеп бар, үшіншіден, Күләш атындағы Мемлекеттік сыйлық белгіленді.

Бір оқиға есіме түсіп тұр, театр коллективі боп, Қызылжарға келдік. Күн боран, көрермендер залы халыққа лық толы, есік-терезе түгел ашық. «Қыз-Жібекті» қоймақпыз.

Бір кезде Қанабек ауырып қалды, «Ойбай, Күләш ауырған, ангина, тамағы ісіп кеткен, қызуы 40 градус! – дейді.

Бәріміз састық. Күрекең айтты:

– Өмірде спектакль, концертті жариялаған соң оны «отменить» ету – қылмыс. Театрға халық аузынан жырып билет сатып алады, біз отырған халыққа ойын болмайды десек, кім боламыз. Бүгін де спектакль болады. Шара, сен Қыз Жібек боласың, әртіс боп ойна, биле, әйтеуір білгенінді істе, қалғанын Қанабек екеуміз көтеріп аламыз, – деді.

Қарсыласуға болмайды, мен Қыз Жібек болып киіндім, жаспын ғой, әп-әдемі Қыз Жібек болдым, бірақ ариясын айта алмаймын, сөздерін білмеймін, мүлшиіп қатып қалдым.

Бір кезде, аяғында пима, үстінде тон, басын орап алған, бетін қырау басқан Күләш кіріп келді де:

– Мен өзім ойнаймын! – деді.

Көзінен жасы парлап, жан-тәнімен рөл атқарып шықты, халық тік тұрып қол ұрды. Спектакльден кейін Күләштің өзі: «азылып кеттім», деп күледі.

Міне, Күләшіміздің мінезі осындай ғажап еді.

Шықтым биыл сексенге,

Жүрегім таза, өкпем де:

Екі Кенен тумайды.

Алатауға ексең де,

– деп Кенен атамыз айтқандай, екі Күләш тумайды.

Күләш жасалған образдар өнерімізде мәңгі өшпестей із қалдырды, әлемге даңқы шықты. Асқан әнші Күләштің есімі тарихта алтын әріппен жазылып қалды.

Одағымыздың бір гүлі,

Құс дауысты бұлбұлы,

Күләш сынды қызым бар, – деуші еді Жамбыл атамыз.

Айтса айтқандай, Күләш Одағымыздың бұлбұлы еді ғой!

«Қазақ әдебиеті». –1982. – 08 қазан